

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Айлин» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Әдістемелік кеңестің

Хаттамасы № 1

01.09.2022 жыл

Қатысқандар – бөбекжай бақша педагогтары

Күн тәртібінде

1. Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істейтін педагогтарға қойылатын стандарт талаптармен таныстыру 03.08.2022 № 348 бұйрық, № 394 бұйрықпен таныстыру.
2. Ситсен, НОБД бойынша тәрбиеленушілердің құжаттарын реттеу.
3. Озық тәжірибе жинақтау (мақала жариялау, баспаға шығару, тарату)

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша директоры Б. Сеилова сөз алды. Бүгінгі таңдағы білім беру қоғамның маңызды мәселелерін шешудің негізгі құралдарының бірі болып табылады. Қоғамның білімге қойылатын талаптары мемлекеттік білім беру саясаты қағидаттарының жүйесімен тұжырымдалады. Қазақстан Республикасының Білім беру саясатының басым бағыттары ретінде нормативтік-құқықтық актілерді табысты іске асыруға ықпал ететін педагогтің кәсіби-жеке құзыреттерін дамытуға бағытталған. «Педагог» кәсіби стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығын – негізге ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын табысты жүзеге асыру мақсатында таңдалды. Бағдарламаның мақсаты: мектепке дейінгі жастағы балаларды арнайы ұйымдастырылған дамытушы ортадағы тәрбиелеу мен оқыту үдерісінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби іс-әрекеттерінің деңгейін арттыру, шеберлікті жетілдіру және кәсіптік стандарт талаптарына сәйкес тәрбиешінің кәсіби іс-әрекетіне қажетті құзыреттерді дамыту үшін жағдай жасау. Бағдарламаның міндеттері: тыңдаушыларды мектепке дейінгі білім берудің заңнамалық және нормативтік құқықтық актілеріндегі жаңартулармен, балаларды тәрбиелеу мен оқытуда ұйымдастырылатын іс-әрекеттердің заманауи тәсілдерімен таныстыру;

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж. Нурдилдаева сөз алды. Балабақшаға қабылданған шыққан балдар ситсен мен нобддан қабылданып шығарылсын. Ситсен база да баланы белгілеу

уақыты сағат 14:00 дейін. Базаны белгілеуде мұқият болыңыздар. Әр баланы бұйрықпен қабылдап бұйрықпен шығарамыз.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Г. Исахова әлеуметтік желілер мен баспа беттеріне мақалалар жарияланып жатқандығын айтты. Балабабашада өткізілген іс-шаралар, көрмелер, ұйымдастырылған ашық оқу қызметтер газет журналдарға жариялануда.

Жиналыс қаулы етеді

1. Баспа беттерінде мақалалар жариялау көбейтілсін.

Жиналыс төрайымы

Хатшы




Б. Сеилова

Г. Шамшиева